

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «12» қазан

Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалардың зейнетақы жарналарына қатысты мәлімдеме

Алматы, Қазақстан – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 9 қазандағы № 624 қаулысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне, оның ішінде «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Ол **2018 жылдың 11 қазанынан** бастап күшіне енді.

Еске саламыз, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2018 жылғы 2 шілдедегі № 165-VI Заңы) енгізілген өзгерістерге сәйкес азаматтық-құқықтық шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалар өз пайдасына Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (бұдан әрі – БЖЗК, Қор) алатын табысының 10 пайызы мөлшерінде (бірақ ең төменгі жалақының 10 пайызынан кем емес және 75 еселенген мөлшерінің 10 пайызынан жоғары емес), міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) төлеуге міндетті.

Заң ережесін орындау үшін ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі зейнетақы жарналарын аудару қағидаларына¹ тиісті өзгерістер енгізді. Өйткені аталмыш министрлік МЗЖ аудару тәртібі мен мерзімін әзірлеуге қатысты уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады. Өзгерістер зейнетақы жарналарын аудару ережесінің мына тұстарына енгізілді:

1) МЗЖ есептеу нысанына жеке тұлғалардың заты жұмыстарды орындау (қызмет көрсету) болып табылатын, азаматтық-құқықтық шарттар бойынша алған табыстарын қосу;

2) азаматтық-құқықтық шарттар бойынша табыс алатын, екінші деңгейдегі банктерде немесе жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдарда (бұдан әрі – ЕДБ, банктер) шоты жоқ жеке тұлғалар МЗЖ-ны банкке қолма-қол ақшамен аударарды, сондай-ақ мұндай тұлғалардың МЗЖ-ны Мемлекеттік корпорацияға аудару мерзімі табыс алынған айдан кейінгі айдың 25-не дейін белгіленген;

3) нақтылаушы сипатқа ие түзетулер, соларға сәйкес мүліктік табыстардан МЗЖ ұсталмайды.

Осылайша, азаматтық-құқықтық шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалар МЗЖ-ны банкке мына тәртіппен аударарды:

азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыс істейтін, қызмет көрсететін жеке тұлғалар табыс алған соң, МЗЖ-ны өз бетімен Қорға ЕДБ немесе «Қазпошта» АҚ арқылы сол табыс алған айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей төлейді;

екінші деңгейдегі банктерде шоты жоқ жеке тұлғалар МЗЖ-ны кейіннен Мемлекеттік корпорацияға аудару үшін МЗЖ-ны банкке немесе «Қазпошта» АҚ қолма-қол ақшамен

¹ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 Қаулысымен бекітілген «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері».

өткізеді;

банктер немесе «Қазпошта» АҚ ТМК (төлем мақсатының коды) 010 кодын қолдана отырып, Мемлекеттік корпорацияға төлем тапсырмасын әзірлейді.

Одан әрі, салымшылардың МЗЖ сомасы Мемлекеттік корпорацияның шотына келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде MT-100 форматындағы электрондық төлем тапсырмаларымен БЖЗҚ-ға аударылады.

Қандай да бір кезеңде табыс болмаған жағдайда бұл тұлғалар БЖЗҚ-ға тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінің 10 пайызы есебінен өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге құқылы.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жоқ болған жағдайда, жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішке қол қою арқылы міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу қажет. Өтініш үлгілері БЖЗҚ ресми сайтында орналастырылған. Жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішті жеке басты куәландыратын құжатпен БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесінде немесе электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен enpf.kz сайты арқылы беруге болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz